


# ЭНДОСКОПИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ



- **Эндоскопия** (грек. endon – ішкі және skopeo – көремін) – адамның ішкі органдарын арнайы аспап – эндоскоп арқылы тексеру. Эндоскоптар – оптик. және жарық жүйелерімен жабдықталған, иілгіш металл немесе пластмасса түтікшелер. Эндоскопия хирургияда, гастроэнтерологияда, урологияда, гинекологияда, пульмонологияда жиі қолданылады. 20 ғ-дың 60 – 70-жылдарында клиник. тәжірибеге оптик. талшықтардан тұратын (фибро) құрастырылмалы аспаптар (фиброскоптар) енгізіле бастады. Тексерілетін органға байланысты Эндоскопияның бірнеше түрі ажыратылады: фибробронхоскопия (бронх Эндоскопиясы),




- фиброэзофагоскопия (өңеш Эндоскопиясы), фиброгастроскопия (асқазан Эндоскопиясы), фиброколоноскопия (тоқ ішек Эндоскопиясы), т.б. Сондай-ақ Эндоскопия биопсияда, денеге енген бөгде заттарды немесе шырышты қабықтардағы аса үлкен емес ісіктерді алып тастауда да қолданылады. Қазіргі кезде Эндоскопия тек ауруды тексеру үшін ғана емес, оларды емдеу тәсіліне (эндоскоп. хирургия) айналып отыр. Эндоскоп. жолмен жасалатын операциялардың дәстүрлі жолмен жасалатын операциялардан ерекшелігі, олардың жарақаты аз, науқас адамдардың ондай операциядан кейін тез жазылып кетуге мүмкіндігі мол.



# Бронхоскопия – көмегімен бронхтар ішіне түтік енгізіп көзбен көруге болады.

- Дайындық
- 1. Аш қарынға жүргізіледі
- 2. Зерттеу алдында 30 минут бұрын дәрі беру
- Ескерту
- Бұл зерттеу жергілікті немесе жалпы анестезия жасау арқылы жүргізіледі. Сондықтан емделушіге новокаинге реакция болғандығын анықтайды.



Bronchoscope

Trachea

Bronchi

Cancer






- Бронхоскопия — бронх ағымын эндоскопия арқылы тексеру
- Гастроскопия — асқазанды эндоскоппен қарау
- Кольпоскопия — қынап және қынап қасағаларын эндоскоппен қарау
- Лапароскопия — іш қуысын эндоскоппен қарау
- Уретероскопия — несеп шығару өзегін эндоскоппен қарау
- Холангиоскопия — өт арналарын эндоскоппен қарау
- Эзофагогастродуоденоскопия — өңешті, асқазан қуысын және он екі елі ішекті эндоскоппен қарау
- Торакоскопия — кеуде торын қарау
- Артроскопия — буындарды қарау
- Вентрикулоскопия — мидың қарыншаларын эндоскоппен қарау

# Гистероскопия — жатырды қарау



# Гастроскопия — асқазанды қарау

- Дайындық
- 1. Зерттеу қарсаңында кешкі тағам сағат 19.00 – дан кеш ішілмеуі және жеңіл болуы қажет
- 2. Тексеріс аш қарынға жүргізіледі, сондықтан тісті тазалауға, дәрі дәрмек ішуге, шылым шегуге, су ішуге болмайды
- 3. Өзімен бірге сүлгі болуы керек




**Where a gastroscope is passed**



# Ректоро маноскопия — тік ішекті және дистальді бөлімінің сигма тәрізді ішекті қарау

- 1. Тексеруге деінгі 3 күн бойы шлаксыз тағам
- 2. Белсендірілген көмір, фестал
- 3. Іш босататын дәрілерді тексерер алдында 15 – 16 сағат алдында ішкізу қажет
- 4. Сағат 19. 00 – де жеңіл кешкі ас
- 5. Сағат 21.00 – де іш тазартатын 2 – 3 клизманы арасына 30 – 40 минут салып қайталау
- 6. Таңертең 2 – 3 тазарту қажет және соңғы тексеруге дейін 2 сағ кеш болмауы керек
- 7.Тексеріс ашқарынға жүргізіледі







- ⦿ Фиброэзофагогастроуденоскопия
- ⦿ 1. ФЭГДС емделуші аш қарынға келуі керек. Зерттеудің алдында тамақ және сұйықтық ішпеуі керек. Бұл соңғы рет тамақты зерттеудің алдында кешке сағат 19:00 кешіктірмеу керек деген сөз. Егер ФЭГДС күннің екінші жартысында істейтән болса, онда таңертең жеңіл тамақ, бірақ зерттеуге дейін 8 – 9 сағат бұрын ішу қажет.
- ⦿ 2. Зерттеудің қарсаңында емделуші мүлдем спирттік ішімдік ішпегені абзал. Одан құсу рефлексі көп рет күшейеді.

- 3. Зерттеудің қарсаңында темекі шегуге болмайды және сағыз шайнамау керек
- 4. Зерттеуге емделуші шағын сүлгімен келуі керек.
- 5. Емделушіге зерттеуге дейін аз мөлшерде газдалмаған су ішуге болады, бірақ емделуші бұл жөнінде дәрігерді ескертуі қажет
- Зерттеуден кейін 30 минут бойы тамақ ішуге және сұйықтық ішуге болмайды




www.julijah.ru

© Julia Pivovarova

# Колоноскопия — тоқ ішектің шырышты қабатын қарау

- 1. Тексеруге деінгі 3 күн бойы шлаксыз тағам
- 2. Белсендірілген көмір, фестал
- 3. Іш босататын дәрілерді тексерер алдында 15 – 16 сағат алдында ішкізу қажет
- 4. Сағат 19. 00 – де жеңіл кешкі ас
- 5. Сағат 21.00 – де іш тазартатын 2 – 3 клизманы арасына 30 – 40 минут салып қайталау
- 6. Таңертең 2 – 3 тазарту қажет және соңғы тексеруге дейін 2 сағ кеш болмауы керек
- 7.Тексеріс ашқарынға жүргізіледі
- Ескерту
- Дәрігердің тағайындауымен тексеріске 30 минут қалғанда дәрі беру

# Кольпоскопия



## Кольпоскопия шейки матки

матка шейка Влагалище

Кольпоскоп

Зеркало

Освещение



**Цистоскопия** — қуықты  
эндоскоппен қарау  
Дайындық  
Зерттеу алдында қуықты  
босату керек

# Цистоскопия

